

## Ертіс ауданы Сілеті ауылдық округі Сілеті ауылының аумағында шектеу іс-шараларын белгілеу туралы

### *Күшін жойған*

Павлодар облысы Ертіс ауданы Сілеті ауылдық округі әкімінің 2020 жылғы 27 тамыздағы № 5 шешімі. Павлодар облысының Әділет департаментінде 2020 жылғы 3 қыркүйекте № 6932 болып тіркелді. Күші жойылды - Павлодар облысы Ертіс ауданы Сілеті ауылдық округі әкімінің 2021 жылғы 14 қаңтардағы № 2 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) шешімімен

**Ескерту. Күші жойылды - Павлодар облысы Ертіс ауданы Сілеті ауылдық округі әкімінің 14.01.2021 № 2 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) шешімімен.**

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 35-бабы 2-тармағына, Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 10 шілдедегі "Ветеринария туралы" Заңының 10-1-бабы 7) тармақшасына сәйкес, 2020 жылғы 27 шілдедегі Ертіс аудандық аумақтық инспекциясының бас мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық инспекторының міндетін атқарушысы № 2-19/345 ұсынысы негізінде, Сілеті ауылдық округінің әкімі **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Ертіс ауданы Сілеті ауылдық округі Сілеті ауылының аумағында ірі қара мал арасында бруцеллез ауруының анықталуына байланысты шектеу іс-шаралары белгіленсін.

2. Осы шешімнің орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

3. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күннен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Сілеті ауылдық округі әкімі*

*"КЕЛІСІЛДІ"*

*"Қазақстан Республикасы*

*Ауыл шаруашылығы министрлігі*

*Ветеринариялық бақылау және*

*қадағалау комитетінің Ертіс*

*аудандық аумақтық инспекциясы"*

*мемлекеттік мекемесінің бас*

*мемлекеттік ветеринариялық –*

*санитариялық инспекторының*

*міндетін атқарушы*

*2020 жылғы "26" тамыз*

*К. Жусупбаев*

*Л. Ауталипова*

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК